

«Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының XIX конференциясы болды

1-бет



МЕРКІ ТЫНЫСЫ

МЕРКЕНСКИЙ ВЕСТНИК

Меркі аудандық газеті (Жамбыл облысы) • Газет 1934 жылғы 15 қыркүйектен бастап шығады



№143
/10525/
сәрсенбі,
16 қараша
2016 жыл



Төтен дүйсенбіде аудандық Мәдениет үйінде «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының XIX есеп беру-сайлау конференциясы өткізілді.

Расул МАЛЛАБАЕВ, Әлихан НҰРАЛИЕВ (сурет), "Меркі тынысы".



Конференция президиумында

ЕКІ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Аудан көлеміндегі 34 бастауыш партия ұйымынан делегаттар сайланған аталмыш конференцияға «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Саяси кеңесі Бюросының мүшесі Рахматілде Рахманбердиев және партияның Меркі аудандық филиалы Саяси кеңесі мен Саяси кеңесі Бюросының мүшелері, бірқатар аудандық мекемелер мен құқық қорғау органдарының басшылары, «Нұр Отан» партиясының аудандық мәслихаттағы депутаттық фракциясының мүшелері, саяси партиялар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, жергілікті кәсіпкерлер мен шаруа қожалықтарының басшылары, этно-мәдени орталықтардың жетекшілері, партия аудандық филиалы «Жас Отан» жастар қанатының мүшелері мен жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері қатысып, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Мейірхан Өмірбековтың есебі тыңдалды.

Конференция алдында делегаттар өкілдерінің арнайы кеңесі өткізіліп, онда конференция жұмысшы органдарының жеке құрамы талқыланып, ортақ келісім жасалған болатын.

Сонымен қатар, хатшылық пен мандат комиссиясына делегаттарды сайлап, конференцияның күн тәртібі мен жұмыс регламентін бекітті.

«Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы Саяси кеңесінің 2014 жылдың қарашасы мен 2016 жылдың қарашасы аралығында атқарған жұмысы туралы есебі, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы Саяси кеңесінің құрамын сайлау, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының төрағасын сайлау, «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалының XVIII-ші есеп беру-сайлау конференциясына делегаттар сайлау туралы және «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы Саяси кеңесіне конференцияның кейбір өкілеттіктерін беру туралы мәселерді қарады.

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалының төрағасы, аудан әкімі Мейірхан Өмірбеков 2014-2016 жылдары аралығындағы аудандық партия филиалының жұмыстарына тоқталса, есепті баяндаманы талқылауға партия аудандық филиалы Саяси кеңесінің мүшесі, партияның облыстық мәслихаттағы депутаттық фракциясының мүшесі Тлеубердиева Гүлжан, аудандық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Иманбетов Бахытжан, партия ардагері Ландик Анна, филиал жанындағы «Жас Отан» ЖҚ бөлімше басшысының міндетін атқарушы Жамалбек Жансұлтан, «Меркі-Шапағат» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Исаева Әтіркул қатысып, аудандық партияның есепті кезеңдегі жұмыстарына қанағаттанарлық деген баға берді.

Сөз кезегін алған «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Саяси кеңесі Бюросының мүшесі Рахманбердиев Рахматілде облыс көлеміндегі атқарылып жатқан біршама жұмыстармен қатар, аудандық филиалдың жұмыстарын жандандыру бойынша да мәселелерге тоқталып өтті.

Конференция күн тәртібіндегі мәселелер бойынша Меркі аудандық филиалы Саяси кеңесінің құрамын, партия аудандық филиалының төрағасын, «Нұр Отан» партиясы Жамбыл облыстық филиалының XVIII есеп беру-сайлау конференциясына делегаттарын сайлады.

Сонымен қатар, күн тәртібіндегі «Нұр Отан» партиясы аудандық филиалының Саяси кеңесіне конференцияның кейбір өкілеттіктерін беру туралы мәселе бойынша тиісті ақпарат беріліп, ұсыныс жасалса, делегаттардың қатысуымен партия аудандық филиалы Саяси кеңесінің алғашқы ұйымдастыру отырысын өткізді. Саяси кеңесі отырысының күн тәртібінде бір мәселе – «Нұр Отан» партиясы» қоғамдық бірлестігі Жарғысының 9.7 бабына сәйкес партияның Меркі аудандық филиалы Саяси кеңесі Бюросының мүшелерін сайлау мәселесі қаралып, 7 адамнан құрылған партия аудандық филиалы Саяси кеңесі Бюросын сайлап, тарқасты.



Ақпараттық автокеруен сапарға шықты

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ БЕРІК БОЛҒАУ!

2016 жылдың 9-11 қарашасы аралығында Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздікке – 25 жыл» атты аудандық ақпараттық автокеруен жолға шықты.

Ақпараттық автокеруеннің мақсаты – Қазақстан Республикасының Тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстан Республикамыздың, облысымыздың және ауданымыздың жеткен жетістіктерін, әлеуметтік-экономикалық дамуы мен өсіп-өркендеуін, атқарылып жатқан жұмыстарды шалғай елді мекен тұрғындарына жеткізу, тұрғындарды медициналық тексеруден өткізу, аз қамтылған отбасыларына қайырымдылық көмек көрсету, көтеріңкі көңіл-күй сыйлау болды.

Оның құрамына аудандық мәслихат, «Нұр Отан» партиясы Меркі аудандық филиалы өкілдері, аудан әкімдігі бөлімдерінің қызметкерлері, зиялы қауым, этномәдени орталықтар мен үкіметтік емес ұйымдардың өкілдері, ардагерлер, дәрігерлер мен мәдениет саласының қызметкерлері, жастар, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері енді.

9 қараша күні таңертеңгі сағат 10.00-де, автокеруен жолға шығар алдында, орталық алаңда қысқаша митинг болып, онда аудан әкімінің орынбасары Марат Жарылқасынұлы Қасым құттықтау сөз сөйледі.

Одан соң аудандық ақсақалдар алқасының төрағасы Ерэнсіз Абашұлы да ізгі тілектерін айтып, автокеруенге қатысушыларға сәт сапар тіледі.

ЖАҢАТОҒАНДАҒЫ ЖАҚСЫ ІСТЕР

АВТОКЕРУЕН колоннасы алғашқы болып Жаңатоған ауылдық округінің орталығы Қостоган ауылына ат басын тіреді. Қостогандықтар дәстүрге сай сән-салтанатымен қарсы алып, ауылының 25 жылда жеткен жетістіктерімен таныстырды (суретте).



Ақшақан киіз үй жанындағы алтыбақанда жастар тербеліп, Қалия Айтбаева тоқыма кілемше, құрақ, висерлік тоқыма және т.б. қолөнері бұйымдары туралы әңгімеледі. Ботагөз Саурықова, Жаңыл Базарбаева сынды апаларымыз келі түйіп, Күлбүбі Арынова күбі пісті. Алтынқұл Ескараева ши тоқыса, Нарша Жаңаханова діірмен тартып, Гүлфайрус Кезеңбаева жүн түтіп жатты. Ал, бұрын темір ұстасы болған Мұқан Шалданбаев темірдің көрігін қыздырды. Балалар асық ойнап, боз кілемде білек сыбана жекпе-жекке шықты. Байлауда тұрған торы бие сауылып, кейіннен көпшілікке бал қымыз да ұсынылды.

Қостогандықтарды Меркі ауданы әкімінің орынбасары Қасым Марат Жарылқасынұлы мерейлі мереке – Тәуелсіздіктің 25 жылдығымен құттықтады.

– Қазақ елі ата-бабаларымыз

армандаған Тәуелсіздікке қол жеткізді. Міне, Тәуелсіздікке – 25 жыл толып отыр. Бүкіл елімізбен бірге, меркіліктер де осы жылдар ішінде көп жұмыстар атқарды. Өздеріңіз де көріп жүрсіздер, мектептер мен балабақшалар салынып, денсаулық сақтау мекемелері бой көтерді. Жолдар жөнделіп, көшелер жарықтандырылуда. Аудандағы 44 елді мекеннің 38-і көгілдір отынмен қамтамасыз етілді. Кәсіпкерлікке, өз шаруасын жүргіземіз дегендерге мемлекет қолдау көрсетуде, – деді Марат Жарылқасынұлы.

Одан соң «Ардагерлер ұйымы» аудандық филиалының төрағасы Иманалиев Қамбарбек ақсақал мен Қостоган ауылы ардагерлері кеңесінің төрағасы Мамытов Арыстан және ардагер-педагог, бүгіндері жеке шаруа қожалығын басқарып отырған асыл ана Татығұлова Қайнарқұл сөз сөйлеп, 25 жыл ішіндегі жетістіктерге, ел игілігі жолындағы Елбасы бастаған игі

қадамдарға тоқталды.

Осы жиында аудан әкімінің орынбасары М.Қасым екі азаматқа: ардагер-педагог Қайнарқұл Татығұловаға және Жаңатоған

ауылдық округінің бас маманы Нұржан Мамытовқа аудан әкімінің «Алғыс хатын» тапсырды.

Бұл күні дәрігер, әрі УЗИ диагностикасын жүргізуші Фахрулдин Исманов, дәрігер-травматолог Хамза Селимов, «Қостоган» дәрігерлік-амбулаториясының аға дәрігері Ерлан Күрішбаев, сондай-ақ, Зухра Әлжабасова, Мейрамгүл Бердібаевалар топ құрамында болып, медициналық қызметтер көрсетті.

Жиын соңында Меркі аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары мерекелік концерт қойды.

Сондай-ақ, ақпараттық керуен мүшелері аз қамтылған, жағдайы төмен отбасыларына да барып, азық-түлік себетін (үн, пияз, сұйық май, макорон өнімдері, алма, қаймақ бар) ұсынды.

(Жалғасы 2-бетте)



Ақпараттық автокеруен сапарға шықты

ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ ТҰҒЫРЫ БЕРІК БОЛҒАУ! АСПАРАМ, АСЫЛ АЙМАҒЫМ

АНДАС БАТЫР АУЫЛЫНДА

АҚПАРАТТЫҚ керуен одан соң көрші Қырғыз елімен шекарадағы Андас батыр ауылдық округіне келіп, ауыл тұрғындарымен кездесті, мерекелік жиын өткізді (суретте).



Жиналғандарды аудан әкімінің орынбасары Қасым Марат Жарылқасынұлы, аудандық Ардагерлер ұйымының төрағасы Иманалиев Қамбарбек, Андас батыр ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Сұлтанбаев Ермек ақсақал және аудандық мәслихат депутаты Хасанбаев Бабыр Тәуелсіздік мерекесімен құттықтады.

– Құрметті ауыл тұрғындары! Биыл егемендігіміздің 25 жылдығы. Жыл басынан бері қандай іс-шара өтсе де, осы мерекеге орайластырылуда. Осы орайда, әрбір жас: «Тәуелсіздік не берді, мен Тәуелсіздікке не бере алдым?» – деп ойлануы керек. Бүкіл әлем Қазақстанға көз тігіп отыр. Бұрын ешкім білмеген, танымаған Қазақстан дүние жүзіне танымал болып отыр. Өзінің Ата Заңы, Көк байрағы, Елтаңбасы, Гимні бар елге айналдық. Тұрмысымыз жақсарып,

әлеуметтік ахуалымыз артты. Осының бәрі тек Тәуелсіздіктің арқасында мүмкін болды, – деген Қамбарбек Иманалиев, егемендіктің қадірін білуге, оны сақтауға шақырды.

Андас батыр ауылдық округі ақсақалдар алқасының төрағасы Сұлтанбаев Ермек ақсақал:

– Міне, 25 жыл бұрын Тәуелсіздік алған еліміз орасан зор жетістіктерге қол жеткізді. Бірлік пен ынтымақтың арқасында іргелі елге айналдық. Басында бостандығы жоқ қаншама елдердің жойылып кеткенін біз білеміз. Сондықтан да Тәуелсіздіктің Туын биікке көтеріп, Елбасымыз бен жетекші партия «Нұр Отанның» барлық бастамаларына қолдау көрсетейік. Төл мерекеміз құтты болсын! – деді.

Осы тұста медицина қызметкерлері, қалауына

қарай, ауыл тұрғындарының денсаулығын қараса, аудандық әділет басқармасының маманы Кани Мира өз саласы бойынша қойылған сауалдарға жауап беріп жатты.

Аудан әкімінің орынбасары Марат Қасым андастық Әлімбабайұлы Бақытжан мен Әбдірайымұлы Ахметбекті аудан әкімі М.Өмірбековтың «Алғыс хатымен» марапаттады.

Сондай-ақ, ақпараттық керуен мүшелері аз қамтылған, жағдайы төмен отбасыларына да барды. Азық-түлік себеті (ұн, пияз, сұйық май, макорон өнімдері, алма, қаймақ бар) Антонина Михайленко мен Гүлбахраш Сәлімбаевалардың отбастарына тапсырылды.

Жиын соңында Меркі аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары мерекелік концерт қойды.

КЕҢЕСТІКТЕРДІҢ КЕҢ ПЕЙІЛІН АЙТСАҚ...

СЕМ безендірілген, бүйіріне «Тәуелсіздікке – 25 жыл» – деп жазып, ұрандатқан автокеруен көліктері Кеңес ауылына кіргенде, ауыл ішінен елдің қонақтарды асыға күткені (суретте), осынау мерекеге деген құрметі бірден сезілді. Мұның өзі ақпараттық топ мүшелерінің екінші күнгі іс-сапарына ерекше леп бергендей еді.



Кеңес ауылдық мәдениет үйінің ауласы ерекше безендірілген, халыққа толы. Үлкен аталары мен ақ жаулықты апаларын орындықтарға қаз-қатар отырғызған, жастар жағы да қаздай тізіліп, тік тұр. Түрлі спорттық жарыстар өтіп жатыр.

Терге озған ақпараттық топ мүшелері көпшілікпен амандасып, мерекелік жиын да басталды. Алғашқы сөз кезегі аудан әкімінің орынбасары Қасым Марат Жарылқасынұлына берілді.

– Қадірлі Кеңес ауылының тұрғындары, көпшілік қауым! Биыл ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы атап өтілуде. Осыған орай, шалғай жатқан ауылдарды аралап, қал-жағдайын біліп, Тәуелсіздігіміз туралы ой бөлісу, қол жеткен жңгістіктерімізді айту үшін ауылдарыңызға келдік. Тәуелсіздік – қасиетті ұғым. Оған қол жеткізуді ата-бабаларымыз ғасырлар бойына армандап, сол жолда жанын да, қанын да берген. Сол ата-бабалар арманына біздің заманымызда қол жеткізілді. Оның рахатын сіздер мен біздер көріп отырмыз. Ширек ғасырда елімізде қаншама жетістіктер болды. Онда меркіліктердің,

оның ішінде Кеңес ауылы еңбеккерлерінің де үлесі бар. Мереке құтты болсын, Көк Туымыз мәңгілік желбірей берсін! – деді Марат Жарылқасынұлы.

Кезекті сөз ардагер ақсақал, медицина саласының тәжірибелі өкілі Дәуіт Қойшыманұлы Қадырхановқа берілді, ол өз кезегінде:

– Қазақ халқының 25 жылдық мерекесі құтты болсын! ...Халқымыз мың өліп, мың тіріліп жүріп

осы қастерлі Тәуелсіздікке қол жеткіздік. Өзімізше жаңа жолды таңдап, алға ұмтылдық. Елбасымыз Н.Назарбаевтың дара басшылығымен ұзақ мерзімді бағдарламалар жасалып, сол арқылы жүздеген жылдарда істелетін жұмыстарды небәрі 25 жылда жасай алдық. Өлемге аты шыққан егеменді ел болдық. Алдыңғы қатарлы елу елдің қатарына қосылдық, енді аса дамыған 30 елдің қатарына енуді мақсат етіп отырмыз. Мемлекетімізде ауылға көп көңіл бөлінуде. Өйткені, азық-түлікті

де, ауылшаруашылығы өнімдерін де беретін осы ауыл ғой, – деп кезіндегі «Қазақстан» колхозы еңбеккерлерінің талағай табыстарын еске алды.

Ақпараттық топ мүшесі, аудандық мәслихаттың депутаты Жанат Оспанова, Кеңес ауылының ақсақалы, наиб-имамы Айдархан Айдаралиев, ардагер-ұстаз Аманкүл Мырзахметова, «Меркі тынысы» газетінің бас редакторы Әтіркүл Исаевалар да осынау мерекелік шеруде тебірене сөйлеп, Тәуелсіздіктің тұғырының биік болуына, жас ұрпақтың білімді болып өсуіне, «Мәңгілік Ел» болу жолындағы игі бастамалардың сәтті жалғасуына тілектестік білдірді.

Аудан әкімінің «Алғыс хатын» кеңестік Елдос Қылшабайұлы мен Дүрия Қанжігітоваға аудан әкімінің орынбасары Марат Қасым тапсырды.

Аудандық Мәдениет үйі әншілері М.Шалабаевтың, Г.Нұрлыбаеваның, Қуаныш Әлімовтың орындауындағы әсем әуендер көпшілікке мерекелік көңіл-күй сыйлап, Кеңес ауылының аспанында баяу қалықтап бара жатты...

АҚПАРАТТЫҚ автокеруен қайта жолға шығып, кезінде «Астықты аймақ» атанған Аспараға қарай бет түзеді. ...Мұнда да көпшілік жиналған. Ауданнан келген қонақтарды жылы жүзбен қарсы алған ауыл әкімі Қуатбек Бикеев алқызыл кілем төселген төрге қарай бастады. Тәттілерден шашу шашылып, ыстық таба нан алып шыққан әжелердің ұлттық киімдері де көз тартады. Мұнда да асығын алшысынан түсірген балалар, көк кілемде күрескен спортшылар, алтыбақанда тербелген қыздар (суретте)... Бәрі-бәрі Тәуелсіздік мерекесінің сәніне – сән, абыройына – абырой қоса түскен...



Аспара жеріндегі кездесудің алғашқы сөзі аудан әкімінің орынбасары Марат Жарылқасынұлына берілді.

– Аса қадірлі Аспара ауылының тұрғындары, жиналған қауым! Баршаңызды аудан әкімі М.Өмірбековтың және өзімің атыман ел Тәуелсіздігінің 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын. Қазақ халқы егемендігіміздің қадірін жақсы біледі. Өйткені, бұл – ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған, сол жолда қанын да, жанын да аямаған Тәуелсіздік. Сол ата-бабалар арманына біз жеттік, бар бақытын бүгінгі біздер сезініп отырмыз. Сондықтан да Көк

Туымызды биікте ұстап, бірлік пен ынтымақтың арқасында алға баса берейік. «Ел келешегі – білімді ұрпақ» – дейтін болсақ, балаларымызға сапалы білім, саналы тәрбие бере отырып, ізгі мұраттарға жете берейік, – дей келе Марат Жарылқасынұлы, 25 жылда ауданда атқарылған шаруалар туралы әңгімеледі.

Одан соң ауыл ардагері Кеңес Рысбаев: – Елбасының көрегендігінің арқасында егемендігімізді алдық, шекарамызды бекіттік. Өз Туымыз, Елтаңбамыз бен Әнұранымыз бар. Өзге елдермен тереземіз тең. Азиядағы алдыңғы қатарлы мемлекеттердің қатарына қосылдық. Қол жеткен жетістіктеріміздің рахатын көріп жатырмыз. Қашанда бірлік болсын, тыныштық болсын, – деді.

Ауыл азаматы Сайын Сырлыбаев: – Жиналған

қауым, Аспараның ұлдары мен қыздары! Атап өтіп жатқан Тәуелсіздік мерекесі құтты болсын! Тәуелсіздік оңай келген жоқ: аталарымыз білектің күшімен, найзаның ұшымен елімізді, жерімізді қорғаған. Соның арқасында осы күнге жетіп отырмыз. Енді егемен еліміздің Туын қастерлеп, биікте ұстайық. Рас, қиындықты да көрдік, арпаның нанын жеген, кептердің қиын жаққан кез де болды. Енді міне, суымыз таза, жаққанымыз – көгілдір отын, бөрі бар. Соған тұба! – деді.

Ақпараттық топ мүшелері Д.Қадырханов, Ж.Оспанова, Ә.Исаевалардың ізгі тілек, құттықтау сөздерінен соң жиын аудандық Мәдениет үйі өнерпаздарының арнайы дайындаған концертіне ұласты.

Аудан әкімінің «Алғыс хаты» Жексенбек Советханұлына, Қайрат Тілеукеұлына салтанатты жағдайда табыс етілді.

Топ құрамындағы денсаулық сақтау саласы қызметкерлері, қалауына қарай, ауыл тұрғындарын қабылдаса, ақпараттық топ мүшелері аз қамтылған отбастарына әлеуметтік азық-түлік себетін таратты.

АҚЕРМЕНДЕ АУЫЛЫМ...

АҚЕРМЕН жұрты да ақпараттық топ керуенін асыға күтіп отыр екен. Ауылының ақсақалдары мен ақ жаулықты аналарынан бастап (суретте), ұстаздар қауымы мен мектеп оқушылары да жиналып қалыпты. Бұл тек бізге ғана емес, Тәуелсіздік тойына деген құрмет деп қабылдадық мұны.



Жиналған қауымды Тәуелсіздік тойымен құттықтаған, аудан әкімінің орынбасары Марат Қасым, еңбек ардагері Дәуіт Қадырханов, ауыл азаматы Ермек Бошқұлов, ардагер-ұстаз Нұржан Жұмановтар арманы асқақ, мұраты биік туған елімізде атқарылып жатқан жұмыстар мен олардың нәтижелерін тілге тиек етті.

Ақпараттық топ жетекшісі Марат Қасым ауылдың қадірменді азаматтары Нұржан Жұманов пен Жақсылық Садықұлына аудан әкімінің «Алғыс хаттарын» тапсырды.

Өзінің ізгі ниетін ортаға салған, ардагер-ұстаз, №11 Ә.Хасенов атындағы орта мектебін көп жылдар бойына басқарған Нұржан Жұманов:

– Тәуелсіздіктің теңеуі жоқ, қарақтарым. Тәуелсіздік, шын мәнісінде, қазағымның басына қонған бақыт. Ол қалай келді, оған қалай жеттік, міне, осыны ұмытпауымыз керек. Біздің

әрқайсымыз: «Тәуелсіздік маған не берді демей, мен Тәуелсіздікке не беремін», – деп ойлауымыз керек. Сол себепті, Тәуелсіздікті нығайтуға үлес қосуымыз қажет. Ол үшін жан-тәнімізбен білім алуымыз керек, ол үшін жан-тәнімізбен еңбек етуіміз керек, – деді.

Қасиетті Меркі жеріндегі өзіндік орны бар, алуан-алуан істердің ұйытқысы бола білген Ақермен

ауылында да соңғы ширек ғасырда көптеген шаруалар жайланған. Соның біршамасына тоқталсақ.

2001 жылы Алтын арық ауылындағы №41 бастауыш мектебі пайдалануға берілсе, 2004 жылы «Бүлдірші» балабақшасы ашылды. Сол жылы жекеменшіктегі мәдениет үйі кері сатып алынып, 2005 жылы 10 млн. теңгеге күрделі жөндеуден өткізілді.

2006 жылы «Алтын арық» фельдшерлік пункт күрделі жөндеуден өтті. 2008 жылы №11

Ә.Хасенов атындағы ОМ-іне жылыту қазандығы орнатылса, 2012 жылы Кентай мен Алтын арықтағы су құбырларына күрделі жөндеу жүргізілді.

2013 жылы «Өңірлерді дамыту – 2020» бағдарламасы бойынша Ақермен ауылында балалардың ойын алаңы салынып, орталықтандырылған су жүйесі іске қосылды. Ауылға газ құбырлары тартылды. Жолдар жөнделіп, көшелер жарықтандырылуда.

2015 жылы «Меркі асыл тұқымды зауыты» АҚ-на тиесілі ғимарат күрделі жөндеуден өткізіліп, «Ақермен» тойханасы іске қосылса, ҰОС ардагерлерінің ескерткішіне ағымды жөндеу жұмыстары жүргізілді.

...Ақермен ауылындағы кездесу де тұрғындардың ыстық ықыласымен өтіп, соңы ақпараттық топ құрамындағы өнерпаздардың концертімен жалғасты.

Арнайы бетті дайындағандар Әтіркүл ИСАЕВА, Расул МАЛЛАБАЕВ (суреттер)

ӘН МЕН ЖЫРЫН ӘУЕЛЕТКЕН АҚЕРМЕН



ОЙТАЛДЫҚТАР ӨЗ ӨНЕРЛЕРІН ОРТАҒА САЛДЫ

Жуырда аудандық Мәдениет үйінде Ақермен ауылдық округінің ҚР Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған «Тәуелсіздік – тұғырым» атты байқау концерті болып өтті.

Әлихан НҰРАЛИЕВ, (суреттер автордікі), "Меркі тынысы".

Байқау алдында ұйымдастырылған ақермендік қолөнер шеберлерінің көрмесі сөз жоқ, ұлттық нақыш пен бояуға бай болып, өзінің қазақилығымен ерекшеленді. Дөңгелене отырып, өнге сала, бірі жүн түтсе,

жан-дүниемізді ерекше күш баурап, еліміз үшін мақтанш сезіміне бөлендік. Ә.Хасенов атындағы орта мектептің 11 сынып оқушысы Төтен Ернұр оқыған Қ.Сариннің «Тәуелсіздік күні» өлеңі де көптің көңілінен орын алды.



бірі ұршық иірген, енді бірі іс тіксе, тағы бірі қол диірмен тартып, жарасымды топ құрған өз-апалардан қашық емес жерде тарамысты тілгілеп, қайыстан жүген мен қамшы өрген ауылдың ұстасы – Сәрсенбай Қарабаев ақсақалдың тамаша өнеріне қалайша тәнті болмасқа?! Осындағы Ә.Хасенов атындағы №11 орта мектеп оқушыларының қолынан шыққан әсем бұйымдар ше? Бәрі тамаша! Міне, осы көріністерге қарап, «қазақтың қаймағы сақталған ауылдарда, ел ішінде өнер кеніші таусылмақ емес, нағыз игі-жақсылықтар ауылдан ғана бастау алады», – деген тегеурінді тұжырымның тізгінін қайта қолға ұстағандай болдык.

Сонымен, тарихы тереңде жатқан округтің соңғы ширек ғасырдағы тыныс-тіршілігінен хабар беретін бейнебаян көрсетілген соң, келесі уақыт тізбегі концертке жалғасты. Хор әншілерінің орындауындағы «Қазақстан» әнінен соң Ақермен ауылының тумасы, ақын, журналист, республикалық «Дарабоз дәстүр» жыр мүшәйрасының бас жұлдегері

Округтің ұлт-аспаптары ансамблі «Келіншек» күйін шерткенде, сондай-ақ, Н.Айтулының сөзіне жазылған Д.Жарылқасынның «Қазақтай ел қайда!» әнін нақышына келтіре, шебер орындаған Айбек Рыскелдиев пен Қ.Қосалыұлының сөзіне жазылған Н.Төлегеновтың туған жерді ұлықтаған «Мерейлі Меркі» әні, А.Қоразбаевтың «Туған жер» термесін жүректерге жеткізе айтқан Ә.Хасенов атындағы №11 орта мектептің көркемөнерпаздар ұжымының жетекшісі Нұрбек Жұмахановтың өнерлеріне де ел сүйсіне қол соқты. Сахна төрін шырайландырған «Ақбастау» әжелер тобы «Қазағым менің» әнін орындап, «Айша-Бибі» бишілер тобы «Қазақ биін» билегені де ақермендіктердің ұлттық өнерден құралақан еместігін білдірді.

Кезек «Тәуелсіздікке дейінгі бес белес» атты сахналық қойылымына берілгенде бүкіл зал сілтідей тынып, ғасырлар бойғы қиындыққа еш мойымай, күресе білген



Қуаныш Қолхаевтың шығармашылық жолын таныстырып, дәріптеген бейнебаян ұсынылды. Бұл да болса ер елінің атын шығарса, ел ерін көкке көтерген тамаша сәттер болды.

Қойнауы кенішке, беті ырысқа толы қазақтың кең сахара, киелі даласын жырға қосып, қалай толғасақ та көпшілік етпесі анық, осы ретте Тұймехан Біржанның орындауындағы А.Бексұлтанның «Ұлы дала» әні өз өзектілігімен дараланса, көркем сөз оқудың шебері, «Бүлдіршін» балабақшасының әдіскері Жанна Нарымбетова жергілікті әуесқой ақын Сәрсенбі Демесіновтың туындысы, патриоттық, сезімге толы «Азаттығым Қазақстан» өлеңін орындаған сәтте

халқымыздың азаттық таңы – Тәуелсіздікке дейінгі өмір белестерінде бірге болғандай күй кештік. Осы концерттік байқаулар барысында ұлт зиялыларының жалғыз тұзу жол таңдаулары мен рухани өсу кезеңдерін бірге бастан өткергендей әсер қалдырған өте тамаша тарихи көріністің бірі осы болар деген ойымыз да жоқ емес.

Келесі Динара Құныбаева орындаған «Қырғыз әні» мен Роза Жұманованың домбыра үнімен қосыла шырқаған Р.Әлқожаның ұлттық бояуы басым «Қазақ» әні де өз тыңдаушыларына жол тапқаны анық еді.

Негізінен, өнерлі де еңбекқорлықтарымен дара саналатын Ақермен ауылының бүгінгі байқау концерті хор әншілерінің орындауындағы «Қазақстаным» әнімен шымылдығын жапты.

Нәзира ЖОЛДАСБАЕВА, Серік ҚҰШМАНБЕТОВ (суреттер), "Меркі тынысы".

Тәуелсіздіктің 25 жылдығына орай округтар арасында «Тәуелсіздік – тұғырым» атты байқау өткізіліп, әр округ өзара бақ сынасып, өз өнерлерін ортаға салуда. Әр сенбі сайын өткізіліп жүрген байқаудың кезегі Ойтал ауылдық округіне келіп, өнерсүйер қауым аудандық Мәдениет үйіне Ойтал ауылдық округі өнерпаздарының өнерлерін тамашалауға жиналды.

Байқауға жиналған көпшілік ең алдымен, аудандық Мәдениет үйінің фойесінде ұйымдастырылған Ойтал ауылдық округінің көрмесімен танысты. Көрмені Бақытжан Алпысбаева басқарып отырған «Ақбота» балабақшасының ұжымы дайындапты. «Ауыл кеші көңілді» атты көрмеде «Алтыбақан», «Алдар көсе», «Таусоғар», «Желаяқ», «Көлтауысар» сынды ертегі кейіпкерлері, сурет көрмесі, қазақтың ұлттық бұйымдары (ертоқым, қалқан, сырмақ, күбі, торсық, текемет, оюланған көрпешелер және т.б.), түрлі-түсті қағаздардан жасалған тәрбиешілердің қол еңбектері, «Тәуелсіз Қазақстан – ғасырлар арманы» атты стенд қойылыпты. Жиылған көпшілікке көрмені «Ақбота» балабақшасының әдіскері Майра Егембердиева мен аға тәрбиеші Зейнекүл

шарықтата шырқалды. Трио орындаған «Қазағым» әнінен соң, «Кенесарының хан сайлауы» атты драмалық көрініс қойылды. Көріністе барша жұрт Кенесарының хан сайлау үшін ақ киізге отырғызып, 3 рет көтеріп бірауыздан хан етіп сайлағанын көрсетті. Көрініске қатысушылар кейіпкерлерді жоғары деңгейде сомдап шықты. Қызықты көріністен соң кезек әсем өнге келіп, фольклорлық ән тобы Кенен Әзірбаевтың «Ой жайлау» әнін нақышына келтіре орындаса, ал «Туған жер» әнін Нұржан Мадиев керемет қоңыр даусымен жоғары деңгейде орындап шықты. Сондай-ақ, қазақтың қара домбырасы мен баянның сүйемелдеуінде Мөлдір Салақова мен Ермек Боранқұлов «Қазақ осы» әнін, квартет «Туған жер» әнін, Айбол Далибаевтар «Жан сырым» сынды өндерді көпшілікке тарту етті. Әсіресе, халық әні «Саржайлауды» шарықтата шырқаған Дмитрий Отруцкий көрермен қошеметіне бөленді. Кимсекті жарастыра киген «Ақ әжелер» ән тобы Тәуелсіздікке арнауларын орындады. Сондай-ақ, Сұлтан Деловаров ұлттық аспаптары – барабанда өз өнерін ортаға салса, ал Дүйсехан Қасымов оригиналды жанр бойынша үзілген жіпті қас-қағым сәтте жігін білдірмей байлап,



Омарқұловалар таныстырды.

Байқау шымылдығы Ойтал ауылдық округінің Тәуелсіздік жылдарындағы атқарған еңбектерінен сыр шертетін слайд арқылы көрсетілген бейнекөрініспен ашылды.

Содан соң жүргізушілер Набира Исаева мен Гүлбану Құрбанбекова оқыған Қуаныш кеудемізді керней берсін, Құлашын болашаққа сермей берсін.

Тек алға, жаса, жаса Қазақстан, Тұғыры Тәуелсіздік өрлей берсін! – деген өдемі өлең жолдарынан кейін ұлттық аспаптар оркестрі Н.Тілендиевтің «Көш керуен» күйін орындады.

Жүректерді тебірентер күмбірлеген күйден соң «Елім менің» атты өлең жолдары оқылды. Келесі кезекте Ескендір Хасанғалиевтің «Атамеке» әні хормен

алғашқы қалпына келтіру, ерлердің жейдесін оп-оңай шешіп алу сынды өнерін ортаға салды. Аталмыш байқауда әсем өндермен қатар мың бұралған билер де орындалды. Атап айтсақ: қазақ биі, молдаван биі, кавказ биі лезгинка және т.б. Сонымен қатар, мың бұралған бишілер әр ұлттың ұлттық киімдерін жарастыра киіп, билерін де нақышына келтіре биледі.

Байқау соңында өнерлі жас Арайлым Құлмаханбет «Біз Отанның ұланымыз» әнін, ал Сандуғаш Райымханова «Қазақ елі» әнін жоғары деңгейде орындап, көрермен қошеметіне бөленді.

Сөйтіп, осы байқауда ойталдықтар да жоғары дайындықпен келгендіктерін көрсете білді. Байқауға жиылған көпшілік те дән риза болып тарқасты.



«Меркі ауданы Рысқұлов ауылдық округі әкімінің аппараты» КММ-нің ХАТТАМАСЫ

12.11.2016 жыл

№ 29

Интернациональный ауылы, № 7 ОМ

Т.Рысқұлов ауылдық округіне қарасты «Интернациональный» ауылы тұрғындарының жиналысы

Төраға – Рысқұлов ауылдық округі әкімінің у.м.а. А.Рахимбеков;
Хатшы – Ж.Бабаалиева;
Қатысушылар: Ауыл тұрғындары – 42 адам.

Күн тәртібінде:

1. Меркі ауданы, Рысқұлов ауылдық округінің, Интернациональный ауылындағы Стахановская, Ленинградская, Дагестанская және Интернациональный көшелерін қайта атау туралы.

ТЫНДАЛДЫ:

Рысқұлов ауылдық округі әкімінің у.м.а. А.Рахимбеков сөз бастап, жиналысты ашты:

– Құрметті ауыл тұрғындары! Көшелердің атауы қазіргі таңда ерекше қолға алынууда. Біздің ауылдағы көп көшелердің атаулары қазақшаланбаған. Қазіргі уақытта көшелерге тұлғалардың есімін беруге мораторий жарияланған болатын. Бірақ, биыл, Тәуелсіздігіміздің 25 жылдығына орай, қазақ халқына еңбегі сіңген 7 тұлғалардың есімімен көшелерді қайта атауға рұқсат берілді. Ауылымыздың төрт көшелерінің атауларын қайта атауымыз қажет. Бұл мағыналары ескірген Стахановская, Ленинградская, Дагестанская және Интернациональный көшелері. 7 тұлға туралы қысқаша мәліметті білесіздер, осы азаматтардың арасынан 4 тұлғаны таңдау сіздердің құзырларыңызға берілді. Қандай ұсыныстарыңыз бар, ортаға салуларыңызды сұранамыз.

СӨЗ СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Ж.Қазанбаев (Интернациональный көшесінің тұрғыны):

– Мен өз пікірімді көпшіліктің атынан білдіріп тұрмын. Біздің ойымызша, Стахановская көшесін Ыбрай Алтынсаринның атымен атау керек, себебі бұл көшеде мектебіміз орналасқан. Қалған Ленинградская көшесіне Әлихан Бөкейхановтың есімін, Дагестанская көшесіне Баубек Бұлқышевтің, Интернациональный көшесіне Қалтай Мұхамеджановтың есімдерін беру керек.

Келесі кезекте Ленинградская көшесінің тұрғыны Р.Мешітбаева сөйледі:

– Біз сіздермен келісеміз, ондай жақсы адамдардың, тарихи тұлғалардың есімі ұмытылмағаны дұрыс, – деп өз пікірін білдірді. Жиналыс барысында, аталған көшелерге ұсынылған тұлғалардың есімін беру бойынша ұсыныс дауысқа салынды. Жиналысқа қатысушылардың барлығы бірауыздан дауыс берді. Қарсы, қалыс болған жоқ.

Интернациональный ауылы тұрғындарының жалпы жиналысының

ШЕШІМІ:

– Меркі ауданы, Рысқұлов ауылдық округі, Интернациональный ауылындағы Стахановская көшесіне – Ыбрай Алтынсаринның, Ленинградская көшесіне – Әлихан Бөкейхановтың, Дагестанская көшесіне – Баубек Бұлқышевтің, Интернациональный көшесіне – Қалтай Мұхамеджановтың есімдері берілсін.

Жиналыс төрағасы:

А.Рахимбеков

Жиналыс хатшысы:

Ж.Бабаалиева

ПОМИНАНИЕ


Память... Это то, что живет в человеке всегда. Память о тех, кого нет с нами рядом, но кого мы любим и будем любить всегда, кто нам дорог. Они уходят из жизни, но остаются в нашей душе.

Абдукарим Алиев – друг, коллега, прекрасный человек, супруг, отец, дедушка. В этой жизни он стремился нести добро и любовь тем, кто был с ним рядом. Он обладал особым жизнелюбием, излучал свет и добросердечность.

Вот уже прошел год, как рядом с нами нет этого удивительного человека, 40 лет проработавшего водителем в ТОО «Меркі жолаушы». Он умел дружить и всегда быть рядом с теми, кто ему был дорог. К огромному сожалению, он ушел из жизни в 60 лет. Он должен был еще жить и жить, но сгорел, как свеча, оставив в сердцах любящих и уважающих его людей неизмеримую скорбь и непоправимую боль. Он – дорогой наш друг, Абдукарим Алиев, навсегда останется в наших сердцах, как Человек с большой буквы, умеющий нести людям свое тепло. Светлая память о нем будет жить вечно и пока она будет жить, он будет рядом с нами. Мы всегда будем любить его и помнить о нем.

Ты останешься в сердцах своих друзей,	Ушел так рано друг, но продолжаешь жить,
Прекрасен, вдохновенен и любим.	Всплывают в памяти твои улыбка и глаза.
Как лучший человек среди людей,	Незабываемым, близким и родным.
	И неразрывна дружба нашей нить,
	Храняя тебя сегодня небеса!

От имени друзей: **Мырганы МЫРСАДЫКОВ, Ертай КЕНЕНБАЕВ, Турсунгали КЫСТАУБАЕВ, Мухтар ТУРЛУГУЛОВ** – ветеран пассажирских перевозок ТОО «Меркі жолаушы», почетный автомобилист РК.



ОБЪЯВЛЕНИЯ ОБ ОТКРЫТИИ НАСЛЕДСТВА

Открылось наследство после смерти Гамидова Балабека Биналиевича, умершего 14 мая 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу М.Карабалаеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 226 «б».

* * *

Открылось наследство после смерти Золотко Александра Николаевича, умершего 24 октября 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Н.Суюнчалиевой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 2 «а».

* * *

Открылось наследство после смерти Эрмиш Ивана Федоровича, умершего 21 января 2007 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Н.Суюнчалиевой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 2 «а».

* * *

Открылось наследство после смерти Шметова Бейсенбека, умершего 12 июня 2009 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Б.Абишеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 173.

* * *

Открылось наследство после смерти Оспанова Касимхана Апасметовича, умершего 9 ноября 2016 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение шести месяцев со дня открытия наследства к нотариусу Б.Абишеву по адресу: с. Мерке, ул. Исмаилова, 173.

* * *

Открылось наследство после смерти Атыханова Жанабая Жапсарбаевича, умершего 11 августа 2015 года. Наследников просим обратиться по вопросу оформления наследственных прав в течение одного месяца после опубликования к нотариусу Н.Суюнчалиевой по адресу: с. Мерке, ул. Мусабекова, 2 «а».



ХАБАРЛАНДЫРУ

Меркі ауылдық балалар кітапханасы 2016 жылдың қазан айынан бастап, ғимаратқа ағымды жөндеу жұмысы жүргізілуіне байланысты уақытша аудандық орталық кітапхана ғимаратына көшірілгені жөнінде хабарлаймыз.

Орталықтандырылған кітапханалар жүйесі

САҒЫНЫШПЕН ЕСКЕ АЛАМЫЗ



Орындары бөлек, алаңдаймыз, іздейміз, Ол дүниенің жұмағын тек тілейміз. Еске алып, құран арнап бағыштап, Әрқашанда сіздерді ойлап жүрерміз.

Көп күтсек те өздеріңді сағынып, Бұрылу жоқ, сарғайдық біз сарылып. Алдарыңнан жарылқасын, жақындар, Біз тағдырдың жазуына бағындық.

Еске алушылар: Құлмахамбетовтар әулеті.

ҚР «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігінің Меркі аудандық филиалының президиумы еңбек ардагері, ардагерлер ұйымының белсенді мүшесі, Ойтал ауылдық округі ардагерлер Кеңесінің төрағасы Мырзабеков Жолдасқа жұбайы МЫРЗАБЕКОВА СӘУЛЕНИҚ қайтыс болуына байланысты отбасының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Аудандық “Ардагерлер ұйымының” президиумы
Ойтал ауылдық округі әкімінің аппараты ауылдық округтегі ардагерлер кеңесінің төрағасы, еңбек ардагері Жолдас Мырзабековке жұбайы СӘУЛЕНИҚ қайтыс болуына байланысты қайғырып, көңіл айтады.
№1 Қ.Жандарбеков атындағы саз мектебінің ұжымы осы мектептің мұғалімі ИГЕНБАЕВА ЗАҒИРА АҚПАҢҚЫЗЫНЫҚ мезгілсіз қайтыс болуына байланысты марқұмның туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.
Коллектив СШ №16 выражает глубокое соболезнование учителю музыки Ару Қайратқызы Әбдрәсіловой в связи с тяжелой утратой, кончиной матери ЗАҒИРЫ АҚПАҢҚЫЗЫ ИГЕНБАЕВОЙ



МЕРКІ
ТЫНЫСЫ

Директор –
Бас редактор
Әтіркүл ИСАЕВА

vestnik-merke@mail.ru

Меншік иесі:

“Меркі тынысы”-
Баспасы”
жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Индекс: 080500,

Жамбыл облысы,
Меркі ауданы,
Ә.Ысмайылов көшесі,
№349.

Телефондар: Бас

редактор –
4-07-33 (факс.),
бөлімдер – 4-07-35;
4-07-58;
есепші – 4-07-34

ТАРАЛЫМЫ: 2510 дана

Газет аралас – қазақ және орыс тілдерінде аптасына 2 рет – сәрсенбі, жұма күндері шығады. Редакция авторлардың көзқарасы үшін өзіне жауапкершілік жүктемейді. Газет ЖК ЖТО «Али ЗА» баспа орталығында басылған. Мекен-жайы: Тараз қаласы, Төле би көшесі №36

Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитеті Мерзімді баспасөз басылымын және ақпараттық агенттікті есепке қою туралы КҮӘЛІК №14047-Г Астана қаласы, 24.12.2013 жыл